Калкаева Айжан Битимбаевнаның «8D01705 - Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Техникалық университет студенттерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін кәсіби-бағдарланған жағдаяттар арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Зерттеу тақырыбының өзектілігі техникалық салада бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған заңнамалық және стратегиялық алғышарттардың болуымен айқындалады. Бұл даярлық халықаралық кәсіби ортада шетел тілінде қарым-қатынас жасау біліктері мен дағдыларын қоса алғанда, кәсіби құзыреттер кешенін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Білім беру мен адами капиталды дамытуға арналған стратегиялық құжаттарда, соның ішінде «Қазақстан-2050» мемлекеттік стратегиясында және 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, жаһандық ғылыми-технологиялық интеграция және мәдениетаралық өзара қарым-қатынас жағдайында тиімді қызмет ете алатын кадрларды даярлау сапасын арттыру қажеттілігі атап көрсетіледі.

Қазіргі инженерлік қызмет айқын халықаралық сипатқа ие және шетел тіліндегі ақпарат көздеріне үнемі жүгінуді, халықаралық жобаларға қатысуды, кәсіби коммуникацияны және академиялық ұтқырлықты қамтиды. Осы жағдайларда шетел тілін меңгеру қосалқы емес, кәсіби-құралдық сипатқа ие болып, инженердің кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігіне айналады.

Қазіргі таңда техникалық білімнің әртүрлі салаларында кәсіби бағытталған шетел тілін (бұдан әрі – КБШТ) оқытуға деген сұраныстың тұрақты өсуі байқалады. Алайда кәсіби бағытталған шетел тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың қолданыстағы технологиялары фрагментарлы сипатта болып, техникалық мамандықтар студенттерін даярлау ерекшеліктерін, әсіресе мәдениетаралық кәсіби коммуникация және нақты өндірістік-коммуникативтік жағдаяттарды модельдеу тұрғысынан жеткілікті деңгейде қамтымайды.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі жоғары білім беру жүйесінде техникалық мамандықтар студенттерінің мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілігін (бұдан әрі – МКҚ) қалыптастырудың ғылыми негізделген әрі әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілген моделін әзірлеу қажеттілігімен айқындалады. Бұл модель студенттердің тек жалпы ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауын ғана емес, сонымен қатар инженерлік саладағы кәсіби бағытталған мәдениетаралық коммуникацияның субъектілері ретінде әрекет етуін қамтамасыз етуі тиіс.

Зерттеудің өзектілігі келесі ғылыми-педагогикалық қарама-қайшылықтардың болуымен күшейеді:

– болашақ инженерлердің мәдениетаралық және кәсіби бағытталған шетел тілдік даярлығына қойылатын талаптардың артуы мен техникалық

жоғары оқу орнында оны жүйелі түрде қалыптастыруға арналған әдістемелік модельдердің жеткіліксіз әзірленуі арасында;

– білім беру тәжірибесінің кәсіби мәдениетаралық коммуникацияның нақты жағдаяттарына жақындатылған оқыту технологияларына деген қажеттілігі мен негізінен жалпы коммуникативті құзыреттілікті дамытуға бағытталған дәстүрлі оқыту формалары мен әдістерінің басым болуы арасында;

– білім алушылардың салалық ерекшеліктері мен кәсіби коммуникативтік қажеттіліктерін ескеру қажеттілігі мен КБШТ курстарының мазмұнын жобалауда білім беру қажеттіліктерін талдау нәтижелерінің жеткіліксіз қолданылуы арасында;

– МКҚ қалыптастырудағы жағдаяттық педагогикалық технологиялардың әлеуеті мен оларды техникалық мамандықтар студенттерін даярлау жағдайларына жүйелі түрде әдістемелік бейімдеудің жеткіліксіздігі арасында;

– МКҚ кезең-кезеңімен және құрылымдық тұрғыдан ұйымдастырып қалыптастыру қажеттілігі мен субқұзыреттер құрылымын, қалыптастыру кезеңдерін және жағдаяттық тапсырмалар жүйесін қамтитын кешенді дидактикалық модельдердің болмауы арасында.

Анықталған қарама-қайшылықтар зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болып, оның ғылыми аппаратын айқындады.

Зерттеу жұмысының нысаны – техникалық университеттегі шетел тілі бойынша білім беру үдерісі.

Зерттеу пәні – техникалық мамандықтар студенттерінің МКҚ қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеу жұмысының мақсаты – техникалық университет студенттерінің МКҚ қалыптастыру моделінің тиімділігін кәсіби-бағдарланған жағдаяттарды қолдана отырып, теориялық тұрғыдан негіздеу, әзірлеу және эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

– КБШТ білім беру жүйесінде техникалық мамандықтар студенттерінің МКҚ қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін талдау және қорытындылау;

– техникалық мамандықтар бойынша оқитын студенттердің мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту үдерісінде кәсіби-бағдарланған жағдаяттарды пайдаланудың лингводидактикалық негіздерін анықтау және негіздеу;

– кәсіби-бағдарланған жағдаяттарды пайдалана отырып, техникалық мамандықтар студенттерінің МКҚ қалыптастыру моделін әзірлеу, оның құрылымын, қағидаттарын, шарттарын және қалыптасу кезеңдерін анықтау;

– инженерлік қызметтің қазіргі бағыттарын көрсететін пәндік-тақырыптық бірліктерге негізделген техникалық мамандықтарға арналған КБШТ оқытудың пәндік мазмұнын жобалау;

– техникалық мамандық студенттерінің МКҚ қалыптастыру үшін әзірленген модельдің тиімділігін эксперимент арқылы тексеру үшін эксперименттік оқыту жүргізу;

– алынған нәтижелерге сүйене отырып, техникалық мамандық студенттерінің МКҚ қалыптастырудың ұсынылған моделінің тиімділігін талдау және әдістемелік ұсыныстарды тұжырымдау.

Зерттеу жұмысының болжамы. Техникалық мамандық студенттерінің МКҚ қалыптастыру тиімдірек болады, **егер** оқу үдерісі дидактикалық басқарылатын модель негізінде құрылса және негізгі технология ретінде жағдаяттық оқыту технологиясы қолданылса, **сонда** студенттердің шетел тілін кәсіби мақсатта пайдалану дайындығы мен қабілеті қалыптасады, **себебі** бұл жағдайда құзіреттілікке, интеграцияланған пәнаралық және мәдениаралық жолдарға негізделген тәсілдер жүзеге асырылады.

Зерттеудің жетекші идеясы. Техникалық университет студенттерінің МКҚ қалыптастыру нәтижелілігі болашақ инженерлік қызметті модельдейтін кәсіби-бағытталған жағдаяттарды қолданумен айқындалады.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Әдебиеттерге шолу; басқа ғалымдардың әртүрлі көзқарастары мен тұжырымдамаларына, техникалық мамандықтарға арналған шетел тілін оқыту саласындағы қазіргі білім беру бағдарламаларына және оқу-әдістемелік кешендеріне сыни талдау; бақылау әдісі; техникалық мамандықтардың түлектері арасында онлайн сауалнама; модельдеу әдісі; эксперименттік оқыту; тестілеу әдісі; тест нәтижелерін бағалау және салыстыру; алынған нәтижелерді талдау.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері; нормативтік және тұжырымдамалық құжаттар; КБШТ оқулықтары (M. Ibbotson жазған «Cambridge English for Engineering» оқулығы, D. Cotton, D. Falvey жазған «Market Leader» оқулықтары, S. Kent және M. Ibbotson жазған «Professional English in Use: Engineering. Technical English for Professionals» оқулығы); авторлық және кірме диагностикалық құралдар, соның ішінде EF Standard English Test онлайн-платформасы; MS Teams Forms платформасындағы онлайн-сауалнама нәтижелері; педагогикалық эксперименттің материалдары мен нәтижелері.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері:

– С.С. Қунанбаеваның қазақстандық ғалымдар тобымен бірлесіп әзірлеген МКҚ когнитивті-лингвомәдени әдіснамасы мен теориясы;

– шетел тілін оқытудағы құзыреттілікке негізделген тәсіл теориясы (M. Byram, Л.С. Выготский, А.А. Вербицкий, А.Н. Леонтьев, А.Т. Чакликова, И.А. Зимняя және т.б.);

– жағдаяттық технологияны қолдана отырып, коммуникацияға бағытталған оқыту тұжырымдамасы (Е.И. Пассов, А.Н. Щукин);

– «needs analysis» шетел тілін оқудағы білім беру қажеттіліктерін анықтау әдістемесі (T. Dudley-Evans, M.St. John, H. Basturkmen, H. West, M. Long, G. Brindley, Д. Нурметов және т.б.);

– «English for Specific Purposes» КБШТ бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеудің тұжырымдамалық әдіснамасы (N. Hutchinson, A. Waters, A.Q. Dou, S.H. Chan, M.T. Win, D. Kovačević және т.б.);

– модельдеу әдістемесі (С.С. Кунанбаева, В.А. Штофф, Ю.И. Тарский, Д.Н. Кулибаева, Э.Н. Гусинский, А.А. Головчун және т.б.).

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

– техникалық мамандықтар студенттерінің МКҚ негізін құрайтын ішкі құзыреттер зерттеліп, анықталды;

– кеңейтілген әдебиеттерге шолу негізінде техникалық мамандықтар студенттерінің МКҚ дамытуда кәсіби-бағдарланған жағдаяттарды пайдаланудың педагогикалық әлеуеті анықталды;

– жағдаяттық оқыту технологияларын қолдана отырып, мазмұндық, әдіснамалық, үдерістік және критерийлік-бағалау блоктарын қамтитын техникалық мамандықтар студенттерінің МКҚ дамытудың әдістемелік моделі әзірленді;

– техникалық университет түлектеріне жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде техникалық мамандықтарға арналған КБШТ оқытудың пәндік мазмұны жасалды;

– техникалық мамандық студенттерінің МКҚ дамытуға арналған авторлық, оқулықтардан бейімделген және алынған жаттығулардан тұратын жағдаяттық тапсырмалардың матрицасы әзірленді;

– техникалық мамандық студенттерінің МКҚ дамытуды бағалауға арналған төмен, орта және жоғары деңгейлері үшін бағалау қағидалары әзірленді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Техникалық мамандықтар студенттерінің МКҚ жағдаяттық технологияны пайдалану арқылы қалыптастыру шет тілдік білім берудің мақсатты түрде ұйымдастырылған үдерісі ретінде қаралыстырылуы тиіс.

2. Техникалық мамандықтар студенттерінің МКҚ құрылымы бірыңғай дидактикалық жүйеде қалыптасқан өзара байланысты кіші құзыреттер жиынтығымен ұсынылған: мотивациялық-эмотивті, лингвистикалық, инженерлік-танымдық, әлеуметтік-мәдени және жағдаяттық-коммуникативті.

3. МКҚ қалыптастырудың тиімділігі бірқатар педагогикалық шарттарды жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі, оның ішінде студенттердің оқуға деген ынтасын арттыру, жеке ерекшеліктерін ескеру, жағдаяттық технологияларды, цифрлық және коучинг құралдарын пайдалану, оқытуды деңгейлік дифференциациялау, түпнұсқа материалдарды пайдалану және мазмұнның пәнаралық кәсіби бағыттылығы.

4. Техникалық университетте КБШТ білімін ұйымдастыру өзара толықтыратын қағидаттар жиынтығына негізделген: эмоционалды-когнитивтік мотивация, оқытудың лингвокоммуникативтік бағыты, әлеуметтік-мәдени сана, мазмұнды инженерлік тұжырымдамалау және білім беру үдерісін жағдаяттық-қолданбалы ұйымдастыру.

5. Әзірленген модель мотивациялық-бағдарлаушы, лингвистикалық-жинақтаушы, мәдениетаралық-синтездеуші, интегративті-модельдеу және жағдаяттық-өндіруші кезеңдерді қамтитын дидактикалық бақыланатын жүйе болып табылады.

6. Эксперименттік сынақ нәтижелері кәсіби-бағдарланған жағдаяттарға негізделіп әзірленген модельді енгізу техникалық мамандықтар студенттерінің МКҚ қалыптасу деңгейін статистикалық және педагогикалық тұрғыдан айтарлықтай арттыратынын растайды.

Зерттеу жұмысының теориялық-практикалық маңыздылығы. Бұл диссертацияның нәтижелері шетел тілін оқытудың теориясы мен әдіснамасын, әсіресе студенттердің МКҚ дамыту саласында, оның құрылымын техникалық пәндер мамандық студенттеріне қолданылатындай нақтылау және оны дамытудың негізі ретінде кәсіби-бағдарланған жағдаяттық тәсілді негіздеу арқылы дамытуға үлес қосады. Зерттеу техникалық мамандықтар студенттерінің МКҚ дамыту моделін теориялық тұрғыдан негіздеу және құрылымдау арқылы КБШТ оқытудың ғылыми түсінігін кеңейтеді.

Зерттеу нәтижелері оқу үдерісіне енгізіліп, техникалық мамандықтар бойынша оқитын студенттерге арналған КБШТ бойынша пәннің оқу-әдістемелік кешенінде көрініс тапты, бұл олардың практикалық маңыздылығын және оқыту тәжірибесінде қайталанатындығын растайды. Зерттеу аясында әзірленген материалдар мен әдістемелік шешімдерді шетел тілі мұғалімдері, білім беру бағдарламаларын әзірлеушілер, оқу-әдістемелік кешендердің авторлары және оқытушылар құрамының кәсіби дамуы үшін пайдалана алады.

Зерттеу базасы: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ (Satbayev University), Шет тілдері кафедрасы, Е. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару институты.

Зерттеу жұмысының мақұлданымы. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары Scopus дерекқорына енген ғылыми басылымдағы бір мақалада, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдардағы үш ғылыми мақалада және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарындағы алты мақалада жарияланды.

Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университетінде «English for Engineering» пәнінің оқу-әдістемелік кешені жарық көріп, оқу үдерісіне енгізілді. Тиісті оқуға енгізу актісі алынды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.